

Мектептегі мерекелер

№9 (159)
2021

тәрбие жұмыстарының сценарийлері

Журнал 2006 жылдың қаңтар айынан бастап екі айда бір рет рет қазақ тілінде шыға бастады.
2011 жылдан бастап ай сайын шығады

Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал)

МАЗМҰНЫ

С. Тажиева, Ж. Сарыбаева. Тірегіміз – Ата заң	3
С. Жаменкеева. Тіл – тарихтың күретаымыры.....	5
А. Жебегенова. Тіл – ұлттың жаны	8
Г. Серғазина. Мемлекеттік рәміздер – ұлттық мақтанышым	12
Ә. Аипова. Ұлы даланың ұландары	15
Т. Байтоғаева. Бабалар сөзі – тәрбие көзі.....	21
А. Жуkenова. Салт-дәстүрді білесің бе?	23
Б. Жақсылықова, С. Кусаинова. Әліппенің ар жағы – білім бағы.....	26
Г. Исманқұлова. Табиғатты қорғайық!.....	29
Р. Сағындықова. Құстар – біздің досымыз	31
А. Смагулова. Жолда жүру ережесін сақтаймыз.....	35
Ә. Боранқұлова. Әрқашан күн сөнбесін!	38
Г. Сулейменова. Шалдың жеті ұлы.....	39
Ұстаз шығармашылығы	40

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат РАЙМҚҰЛОВА

«Мектептегі мерекелер:
тәрбие жұмыстарының
сценарийлері» журналы

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс
және ақпарат министрлігінде
қайта тіркеліп, № 10966-Ж
куәлігі берілді.

Басылым индексі: 75489

Басуға қол қойылды
13.09. 2021 ж.
Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 326.

Редакцияның мекен-жайы:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел.: 8 777 194 94 58,
8 777 303 37 67.
Эл.пошта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал <<Print House GERONA>>
баспаханасында басылды.
Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі
30А/3, 124-кеңсе.
Тел.: (727) 250 47 40.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Кіршібаева Райхан –
эл-Фараби атындағы
№145 жалпы білім беретін
мектеп директорының
тәрбие жұмысы жөніндегі
орынбасары,
Алматы қаласы.

Тлеубаева Сәния
Өскенбайқызы –
М. Мақатаев атындағы №140
гимназия директоры. Алматы
қаласы.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде CD дискіге жазып жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Тірегіміз – Ата заң

Мақсаты: оқушыларды еліміздің қысқаша тарихы мен мемлекеттік рәміздердің 20 жылдығы, ҚР Конституциясының 17 жылдығымен таныстырып, Білім күнімен құттықтау. Оқушыларды дұрыс сөйлеуге, оқуға, өзін ұстауға, еркін сөйлеуге үйретіп, тіл байлықтарын дамыту.

Өз елін, Отанын сүйуге, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыруға тәрбиелеу.

Әдісі: баяндау, әңгімелеу, сұрақ-жауап.

Көрнектілігі: рәміздер, буклеттер, баспасөз материалдары.

Сабақ барысы:

Кіріспе бөлім: Түсіне білген адамға, Конституция тек қана міндеттер мен талаптар жиынтығы емес, ол күллі халқымыздың болмыс-бітімін айқындайтын басты құжатымыз. **Конституция – біздің тірегіміз, қадірлеп-қастерлейтін асыл мұраттарымыздың жиынтығы.** Сол себепті елімізде қабылданып жатқан түрлі заңдардың қайнар көзі Конституцияда жатыр.

Егемен ел болу үшін Қазақстан Республикасының ұлттық белгілері болу керек.

Олар: 1. Елтаңба; 2. Әнұран; 3. Мемлекеттік шекара; 4. Әскер; 5. Ту; 6. Мемлекеттік тілі; 7. Мемлекеттік заңы; 8. Теңге.

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы туралы не білесіңдер?

1-оқушы: Мемлекеттік Ту – ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген тік бұрышты көгілдір түсті мата. Тудың сабының тұсында ұлттық өрнекті ою жолақ түрінде нақышталған. Тудың ені 1 м, ұзындығы 2 м.

2-оқушы: Бұлтсыз көк аспан барлық халықтарда әрқашан бейбітшіліктің, тыныштық пен жақсылықтың нышаны болған. Көгілдір түсті таңдауы - Қазақстан халқының бірлік, ынтымақ жолында адалдығын білдіреді.

3-оқушы: Нұрға малынған алтын күн тыныштық пен байлықты бейнелейді. Күн – қозғалыс, даму, өркендеудің және өмірдің белгісі.

4-оқушы: Қанатын жайған қыран құс бар нәрсенің бастауындай, билік, айбындылық бейнесі. Күннің астында қалықтаған қыран қазақ халқының еркіндік сүйгіш асқақ рухын, қазақ халқының жан дүниесінің кеңдігін паш етеді.

5-оқушы: Мемлекеттік Туды қабылдаған күн: 1992 жылғы 4 маусым. Ресми тұсауы кесілген күн: 1992 жылғы 6 маусым, Алматы қаласы. Авторы Шәкен Ниязбеков.

2. Қазақстан Республикасының Елтаңбасы туралы не білесіңдер?

1-оқушы: Мемлекеттік Елтаңбаның авторы Жандарбек Мәлібеков пен Шот-Аман Ыдырысұлы. Елтаңбаның негізі — шаңырақ. Шаңырақ мемлекеттің түп негізі — отбасының бейнесі. Шаңырақты айнала күн сәулесіндей тарап, 72 уық шаншылған.

2-оқушы: Шаңырақтың айналасында уықтарды пырақтардың қанаты көмкеріп тұр. Қанатты тұлпар аңыз-әңгімелерден туған ұшқыр арманның, талмас талаптың, жақсылыққа құштарлықтың белгісі.

3-оқушы: Бір шаңырақтың астында тату-тәтті өмір сүретін Қазақстан халқының өсіп-өркендеуін, рухани байлығын суреттейді. Елтаңбаның жоғарғы жағындағы бес бұрышты жұлдыз оның тәжі іспетті.

4-оқушы: Елтаңбасы елімнің

Неткен әйбат, әдемі!

Тұнығындай көңілдің,

Ортада - аспан әлемі.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны туралы не білесіңдер?

1-оқушы: 2006 жылғы 7 қаңтарда Қазақстан Республикасының жаңа Мемлекеттік Әнұраны қабылданды. Шәмші Қалдаяқовтың «Менің Қазақстаным» әні Қазақстан Республикасының Әнұраны деп жарияланды.

2-оқушы: Жүмекен Нәжімеденов жазған ән сөзіне Елбасымыз

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасымен кейбір түзетулер енгізілді. Елбасының ұсынысы бойынша біріншіден, Әнұранның мәтінінде ғасырлар бойы тәуелсіздік үшін күрескен бабалар ерлігі көрініс тапты.

3-оқушы: Екіншіден, мәтінде асыл мұратымыз — еліміздің кең байтақтығы, үшіншіден, жер мен ел байлығы біздің ұрпақтарымыздың болашағына айқын жол ашатыны көрініс тапқан. Ең бастысы — тәуелсіздігіміздің алтын діңгегі — ел бірлігі баса айтылған.

4-оқушы: Гимн салтанатты жиналыстарда, мәжілістерде, жаңа ғимараттар, ескерткіштер ашылғанда орындалады. Гимнді орындағанда міндетті түрде тұрып, қолыңды жүрек тұсына қойып айту елге құрмет болып саналады.

5-оқушы: Әнұраным — жан ұраным,

Айтар әнім, сөйлер сөзім.

Туған жерді сағынарым,

Жүрсем егер дүние кезіп.

Еліміздің символы — мемлекеттік рәміздерді қастерлеп, құрметтеу бәріміздің міндетті парызымыз болып саналады.

**Сабира ТАЖИЕВА,
Жадыра САРЫБАЕВА,
Әл-Фараби атындағы №145 жалпы
білім беретін мектеп мұғалімдері.
Алматы қаласы.**

Тіл – тарихтың күретауы

Мақсаты: оқушыларды қазақ тілі мен әдебиет пәні бойынша білімдерін тереңдету. Ойын дәл, тез жүйелеуге дағдыландыру. Терең ойлау қабілетін қалыптастыру.

Өту барысы: 1-тур «Өлең сөздің патшасы»; 2-тур «Жорға»; 3-тур «Полиглот»; 4-тур «Жүйрік болсаң – жылдам тап».

Жүргізуші: Құрметті көрермендер, бүгін кешіміздегі оқушылар арасында өткелі жатқан «Тіл – тарихтың күретауы атты» ойынымызға қош келдіңіздер! Мұндағы мақсатымыз –өзіміздің ана тіліміздің, әдебиетінің, халық ауыз әдебиетінен білгендерімізді ортаға салып, үш тілдік апталығымыздың мерейін көтеру. Ойынымыз төрт турдан тұрады. Мұнда 6 оқушы қатысып, білімдерін сынайды.

Түсеміз біз білімнің жарысына,
Жеңсеңдер қол соғамыз табысыңа.

Талапкердің талабы таудай болып,

Аямас тиіп кетсең намысыңа, -
деп сайысқа қатысушыларды таныстырамыз.

Қазылар орнықтырар әділдікті,
Кімдердің жауаптары кәміл шықты.

Білім мен тапқырлықтың сайысына,

Жеңіске жетер дейміз нағыз мықты, - деп әділ қазылар алқасымен таныстырайық.

1-тур. «Өлең – сөздің патшасы».

1. Пайданы көрсең бас ұрып,
Мақтанды іздеп, қайғы алма
Мінінді ұрлап, жасырып
Майданға түспей, бәйге алма.
(Абай. «Әсемпаз болма әрнеге»)

2. Шығамын тірі болсам, адам болып,

Жүрмеймін бұл дүниеде жаман болып

Жатқаным көрде тыныш жақсы емес пе?

Жүргенше өмір сүріп, надан болып.

(С. Торайғыров. «Шығамын тірі болсам адам болып»)

3. Жолама қулар маңайға,
Не қылмадың талайға?

Кім жағады сендерге
Тартқызып азап Абайға?

(Ш. Құдайбердіұлы. «Жолама қулар маңайға»)

4. Ғалым болмай немене,
Балалықты қисаңыз?

Болмасаң да, ұқсап бақ,
Бір ғалымды көрсеңіз.

(Абай. «Ғылым таппай мақтанба»)

2-тур. «Жорға»

1. Сын есімнің жай шырай түрі?

А) Жаксы; Ә) Қызғылт; Б) Ең әдемі;

2. Ауыспалы мағынаны көрсетіңіз.

А) Таразылардың дұрыстығы тексерілді;

Ә) Шешімімізді таразыға салайық;

Б) Таразыға өлшеу.

3. Антонимдік жұпты көрсетіңіз:

А) Аралас — құралас;

Ә) Биік — жоғары;

Б) Ірі — ұсақ.

4. Еліктеуіш сөзді табыңыз:

А) Тарс-тұрс; Ә) Үлкен-кіші; Б) Бес-он.

5. Тұрақты сөз тіркесін табыңыз:

А) Тарихи мұражай;

Ә) Аққан жұлдыз;

Б) Табанынан таусылу.

6. Шылауы бар сөзді табыңыз:

А) Қарағым-ау, әнің әдемі екен;

Ә) Пайда ойлама, ар ойла;

Б) Япыр-ау, бұл кісі неткен білімді!

7. Синонимдік жұпты тап:

А) ащы-тұщы;

Ә) ірі — дәу;

Б) аласа — тапалтақ.

8. «Тайға таңба басқандай» деген тұрақты сөз тіркесінің мағынасын тап:

А) Ашық; Ә) Анық; Б) Жылдам.

9. Алдар Көсенің алдаудағы мақсаты:

А) Табиғи мінез;

Б) Қарны тоқ, ақылы жоқтарға тұсау;

В) Жеңіл күлкі үшін.

10. «Жерұйықты іздеген кім?»

А) Малайсары батыр;

Б) Асан қайғы;

В) Жиренше шешен.

3-тур. «Полиглот»

1. Кімнің баласы болма

Адамның баласы бол (ата — де-душка — grandfather)

2. Тілі жоқ өзінде,

Сөзі бар ізінде (қалам — ручка — pen)

3. Оқу — білім азығы,

Не ырыс қазығы (білім — знание — knowledge)

4. Таулардан не ағар сарқыраған,

Айнадай сәуле беріп жарқыраған (өзен — река — river)

5. Кедеймін деп қысылма,

Нең болса қолыңда (өнер — талант — talent)

6. Қабат-қабат қапталған,

Асыл сөзбен апталған (кітап — книга — book)

7. Дұшпан аяғыңа қарайды,

Кім басыңа қарайды (дос — друг — friend)

8. Көзің ауырса қолыңды ти,

Ішің ауырса нені ти (ауыз — рот — mouth)

9. Арбаңды қыста сайла

Шананды қашан сайла (жаз — лето — summer)

4-тур. «Жүйрік болсаң, жылдам тап»

Жарыстың шарты: жүргізуші қойған сұраққа қатысушы мақалмен жауап беред. Мысалы, Жыланды інінен қалай шығаруға болады, жауабы: жылы-жылы сөйлесең, жылан да інінен шығады.

Қар жана ма? (Қалауын тапсаң қар жанады)

Тастың жеңілі бола ма? (Керек тастың ауырлығы жоқ)

Инемен құдық қазуға бола ма? (Оқу инемен құдық қазғандай)

Киіз қазық жерге кіре ме? (Тоқпағы мықты болса, киіз қазық жерге кіреді)

Аппақ қарға бола ма? (Қарға баласын аппағым дейді)

Қой мен қасқыр ойлана ма? (Қойдың ойлағаны — амандық, қасқырдың ойлағаны — арамдық)

Қарғыстың ең жаманы не? (Өзін білме, білгеннің тілін алма)

Ең тәтті не? (Ананың сүті тәтті, баланың тілі тәтті)

Адамның қай мүшесі қорқақ, қай мүшесі батыр? (Көз қорқақ, қол батыр)

Етікті қонышынан басып киюге бола ма? (Қолыңнан келсе, қонышынан бас)

Шашу мен жинаудың қайсысы оңай? (Шашу оңай, жинау қиын)

Тауық түс көре ме? (Тауықтың түсіне тары кіреді)

Үлкен көз, үлкен сөз бола ма? (Қорқақтың көзі үлкен, ақымақтың сөзі үлкен)

Ер неше рет, қорқақ неше рет өледі? (Ер бір рет, қорқақ мың рет өледі)

Білем деген, білмеймін деген неше сөз? (Білем деген көп сөз, білмеймін деген бір сөз)

Отқа түсіп күймеуге бола ма? (Отан үшін отқа түс, күймейсің)

Шошқа үре ме? (Ит жоқта шошқа үреді)

Білгенің қанша, білмегенің қанша? (Білгенің бір тоғыз, білмегенің тоқсан тоғыз)

Қорытынды. Жеңімпаздарды марапаттау.

**Салтанат Сабыржанқызы
ЖАМЕНКЕЕВА,
М. Әуезов атындағы №2
ОЖББМ кітапханашысы.
Чапаев ауданы,
Ақжайық ауданы,
Батыс Қазақстан облысы.**

Тіл – ұлтың жаны

Мақсаты: оқушылардың ой-өрісін кеңейту, білімін жетілдіру, сөздік қорларын молайту, сөздің мағынасын түсініп, тапсырманы дұрыс орындауға баулу, жас ұрпаққа ана тіліміздің қадір-қасиетін дарыту, оқушыларды тез ойлауға, жауаптарын тиянақты, жүйелі айта алуға, топ алдында еркін сөйлеуге баулу. Ана тіліне деген сүйіспеншілігін, ынтасын арттыру. Ана тілін сүйуге, ардақтауға, құрметтеуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: плакаттар, нақыл сөздер, шарлар.

Барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі:

2. Кіріспе:

Ана тілі ананың ақ сүтімен, ананың әлдиімен, бесік жырымен құлаққа сініп, бойға дариды. Тіл байлығы – әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Ол атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра. Болашағымызды баянды етер қаруымыз – тіліміз. Біздің Отанымыз байтақ, бай ел. Елімізде көптеген ұлт өкілдері тұрады. Әр халықтың өз ана тілі бар. Адам шыр етіп дүниеге келгеннен бастап, қартайған шағына дейін бүкіл өмірі тілмен байланысты.

Тәрбиеші: Иә, тіл қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдіретті ұғым. Көп ұлтты Қазақстанда мемлекеттік тіл өз қызметін толық атқару үшін Тіл Заның қабылдау қажет болды.

«Қазақстан Республикасының тіл туралы Заңы» 1989 ж. қабылданды. Одан кейін тәуелсіз мемлекет болуына байланысты 1995 ж. 30 тамызда Жана конституциясында қазақ тілі – мемлекеттік тілі болып бекітілді. Мемлекеттік тіл – Ту мен Елтаңба сияқты мемлекеттік рәмізі. Осыған сәйкес 1997 ж. 11 шілдеде Қазақстан Республикасының «Тіл туралы Заңы» қабылданып, оның 4-бабында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі» деп жазылған.

Тәрбиеші: Балалар, мен сендерге тіл бізге не үшін қажет? деген сұрақ қойғым келіп тұр.

Оқушы: Тіл бір-бірімізбен сөйлеу, түсінісу үшін қажет.

- Тіл – қарым-қатынас құралы.

Тәрбиеші: Жарайды, тіл қарым-қатынас құралы дедік, сонда адамдардың бәрі бір ғана тілде сөйлесіп, түсінесе бере ме? Неліктен оны ананың тілі дейміз?

Оқушы: Кез келген адамның өз анасы болады. Сондықтан дүние

жүзіндегі адамдардың да өз анасы, өз тілі, өз Отаны бар.

Ана тілі ананың ақ сүтімен бойға дарыған өз анамыздың тілі ғой, ал ана деген бәрінен қастерлі, аяулы да асыл жан.

- Ал ендеше, балалар, бүгінгі сайысымызды бастайық.

Қазылар алқасын сайлау.

Бөлім. Өздерін таныстыру:

Топтың аты: «Қыран».

Ұраны:

Қыран тобы, алға,

Биіктерге самға!

Достығымыз барда,

Жүреміз тек алда!

Топтың аты: «Тұлпар»

Ұраны:

Сайысамыз сіздерменен қалыспай,

Дүбір десе жұлқынамыз тұлпардай.

Бойда жігер, ойда білім біздерде,

Бұл өнерді паш етпелік біз қалай?

2-бөлім. «Шын жүректен»

Әр топ дайындап келген тіл туралы өлендерін жатқа айтады.

1-оқушы:

Қуан далам! Қуанатын күн бүгін!

Серпіп таста мұнды жүрек түндігін!

Тіл тұралы Заның енді күшіне

Паш еткендей кескен жаңа кіндігін.

Қуан бабам! Қуанатын күн бүгін!

Деген едің «Тіл бар жерде өмір бар!»

«Халық жауы» атандың-ау сол үшін,

Ғұмырынды құрбан етіп жолында.

Қуан анам! Ұзағынан сүйініп,
Сәтін де көп кеткен кейде түніліп.

Ақ сүтінмен бойға біткен тілінді
Пір тұтамын мен алдында иіліп.

Қуан халқым! Күшіне енді Тіл заңы,

«Сүйінші» деп ақын ұлың жырлады.

Ел елдігі бағалана тілменен,
Сол арқылы құлпырады гүл бағы.

2-оқушы:

Ана тілім — ұраным,

Ана тілім — құралым.

Ана тілім — болмаса,

Болмас еді жыр, әнім.

3-оқушы:

Қастерле қазақтың ана тілін,

Қайнаған қаныменен баба тілін.

Бірлікке, татулыққа ұран болған,

Бұрынғы тектілердің дана тілін.

«Өз тілінді оқы» дейді мектепте,

Селтең қағып жүрме, досым, бос текке.

Өзге тілге қанша құмар болсаң да,

Өз тілінді шаман келсе құрметте.

4-оқушы:

Ана тілім — ақ қанатты тұлпарым,

Биіктерге самғап ұшар сұңқарым.



Ана тілім — махаббатым, құшта-
рым,

Ана тілім — әнге қосар ардағым.

5-оқушы:

Жырлатқан қазақтардың қазақ-
тығың,

Жырлатқан елдік, ерлік, азатты-
ғың.

Жұлдызды құдіреттің туы болған,
Жауынгер ана тілім — қазақ тілім.

6-оқушы:

Туған тілім — тірлігімнің айғағы,
Тілім барда айтылар сыр ойдағы.
Өссе тілім, мен де бірге өсемін,
Өшсе тілім, мен де бірге өшемін.

7-оқушы:

Ана тілім бірге жанар өзіммен,
Ана тілім қадір тұтам сені мен.
Ана тілім, ардақтысын қашанда,
Орын берем жүрегімнің төрінен!

8-оқушы:

Қымбат маған ана тілім бал тілім,
Қымбат маған дана тілім, ар ті-
лім.

Ақ сүтімен бірге сіңген бойыма,
Ана тілім — ардақ тұтар алтыным.

9-оқушы:

Ана тілім!

Дана тілім — бақ тілім.

Сенсіз бақыт дүниеден тапты
кім?

Сенсің менің қасіретті шатты-
ғым,

Сенсің менің тазалығым, пәкті-
гім.

10-оқушы:

Тілім менің — тірегім, дінім ме-
нің,

Тілсіз қандай болады күнім ме-
нің?

Өз халқына жетеді өз мәнінде
Өз тілімде оқылса жырым менің.
Тілім менің — қуатым, күшім менің,

Күшім кетсе не болар ісім менің?
Тілсіз өмір бар десе түсінбедім,
Тілімменен тірлікті мүсіндедім.

11-оқушы:

Тілім менің — асылым, арым менің,

Арым кетсе не пайда барым менің?
Бас кескендер тілімді кесе алмаған,

Тілден бұрын кетеді жаным, демім.

Тілім менің — қазынам, қасиетім,
Қасиетім — бар әлем бас иетін.
Тілі жоқтың түрі жоқ, түбірі жоқ,
Бола көрме, ана тіл, қасіретім.

12-оқушы:

Киелімсің тірегім, тілім менің,
Сен арқылы шертілер сырым менің.

Перзенттік пәк сезіммен аялаймын,

Шықпайды сенсіз жарқын үнім менің.

Тәуелсізбіз, бүгінгі ғұмыр еркін,
Біз емеспіз иіліп бүгілетін,
Сақтап қалған халқымды сан апаттан.

Ана тілім,
Бұл сенің құдыретің!

13-оқушы:

Бір ауыз сөз үйреніпсің бүгінде,
Менің ана тілімде.

Қазақ болып туғаннан, соң бөбегім,

Қазақ болып өлген жақсы түбінде.

Барлық тілді үйренерсің сен әлі,
Жігіт болып саналы.

Қайда жүрсең өз елінді ұмытпа,
Өз еліңнің туын көтер жоғары.

Мен анамды ұғындым деп мақтанам:

Тілін білдім, жырын білдім сақтаған.

Өз анасын сыйламаған пақырлар,

Отанын да сыйлап көрген жоқ, балам,

Ұлым менің, бұл сөзіме бағарсың,

Жанар кезде өзің от боп жанарсың,

Менің қазақ жүрегімді ал, тілімді ұқ,

Ал басқасын өзің тауып аларсың.

3-бөлім. «Қос тіл — қос қанатым»

Сурет бойынша қазақ, торыс тілінде шағын әңгіме құрау.

4-бөлім. «Халық айтса, қалт айтпайды»

Мақал-мәтел жарысы.

1. Тіл тас жарады,
Тас жармаса, бас жарады.
2. Тіл қылыштан да өткір.
3. Шебердің қолы ортақ,
Шешеннің тілі ортақ.
4. Ашуын келсе қолың тарт,
Айтпас жерде тілің тарт.

5. Жылы сөз — жүректің кілті.

6. Таяқ еттен өтеді,
Сөз сүйектен өтеді.

7. Бал тамған тілден,
У да тамар.

8. Жыланның уы тісінде,
Адамның уы тілінде.

9. Дәлелсіз сөз — желмен тен.

10. Піл көтермегенді,
Тіл көтереді.

11. Ине көзінен сынады,
Шешен сөзінен сынады.

12. Айтылған сөз
Атылған оқпен тең.

5-бөлім. «Ойлан, ізден, тауып жаз»

Берілген әріптерден сөз құрастыру.

Қ А Б С Т Ж З У Ы Н

6-бөлім. Қорытынды.

Мен, сүйемін қазақ тілін,

Қаймағы бұзылмаған таза тілін.

Қазақ тілі лайық деп білемін мен
Болуға да ортақ тілі бәрінің.

Қадыр Мырзалиев ағамыз айтқандай:

Ана тілің — арың бұл,

Ұятын боп тұр бетте.

Өзге тілдің бәрін біл,

Өз тіліңді құрметте! — дегендей
өз тілімізді ешқашан ұмытпайық,
құрметтейік.

«Ананың тілі» әні орындалады.

Асель Мырзахановна

ЖЕБЕГЕНОВА,

**«Талдықорған қаласы облыстық
зерде бұзылыстары бар балаларға
арналған арнайы мектеп интернаты»**

КММ тәрбиешісі.

Талдықорған қаласы,

Алматы облысы.

Мемлекеттік рәміздер — ұлттық мақтанышым

Мақсаты:

Білімділік: оқушылардың аса маңызды мемлекеттік белгілер — рәміздер жөніндегі білімдерін жан-жақты сарапқа салу, оларға мемлекеттік белгілердің аса маңызды екенін ұғындыру, оны ерекше құрметтеп, мақтан тұту керектігін ашып көрсету.

Дамытушылық: оқушылардың ой-өрісін, танымдық қабілетін дамыту.

Тәрбиелік: отаншылдыққа, ұлтжандылыққа, өз елін, тегін, тарихын сүйуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: слайд-презентация, буклет, кітапшалар.

Сабақтың барысы:

Әнұраным, жанұраным,
Айтар әнім, сөйлер сөзім.
Мәңгі бақи шырқалады,
Республикам әнұраным,- дей
отырып әнұранды шырқаумен са-
бақты бастау.

**ҚР Мемлекеттік Әнұранын оқу-
шылар өздері орындайды.**

Мұғалім сөзі: Әрбір отбасының,
әулетінің, рудың, ұлттың дәстүрлік,
салт-саналық, белгілері — әдепті
сыйласым мен ар-намыстың, па-
рыздық, борыштық іс-әрекеттің
құжаттары іспеттес қастерлі, қа-
сиетті нәрсе. Халқымыздың сол қа-
сиетті белгілері: ен таңба, Елтаңба,
Елұран, Ту, жалау және әскерлік,
сарбаздық ұрандар мен айырым
белгілер.

Шығу тарихына үңілсек, ерте-
ден қалыптасқан белгі дәстүрлері
— малға ен салу, таңба басу. Таң-
ба белгісі, көбінесе, рулық белгіні
көрсетеді. Ертеде әрбір рудың өз
таңбасы болған. Ен-таңба отбасы-
ның, әулеттің, рудың меншігінде-
гі мал-мүліктерді қадірлеп, қорғай
білу жасалынған салттық көрініс-
тер еді.

Бүгінгі сабағымыз қасиетті Рә-
міздеріміз жайында болмақшы.

Ой-қозғау сұрақтары.

1. Рәміз дегенді қалай түсінесіз-
дер? Оған нені жатқызар едіңіздер?

2. ҚР-ның рәміздері қашан қа-
былданды?

3. Геральдика дегеніміз не?

4. Мемлекеттік Тудың авторы
кім?

5. Мемлекеттік Елтаңбаның ав-
торлары кімдер?

6. Мемлекеттік Әнұранның ав-
торлары кімдер?

1-жүргізуші: ҚР-ның Ата заңы-
ның 9-бабында «Қазақстан Респуб-
ликасының Мемлекеттік рәміздері
— Туы, Елтаңбасы және әнұраны
бар», - делінген.

2-жүргізуші: Сондай-ақ осы заң-
ның 34-бап, 2-тармағында «Әркім
Республиканың мемлекеттік ны-
шандарын құрметтеуге міндетті», -
делінген.

1-жүргізуші: Кез келген мемле-
кет өз Елтаңбасымен еңселі, әнұ-
ранымен айбатты, туымен тұғырлы
болады дейміз. Олай болса осы үш
негізгі рәміздер атындағы топтарға
сөз берелік.

**1-топ — «Көк байрақ», 2-топ —
«Елтаңба», 3-топ — «Әнұран».**

(Әр топтан үй тапсырмасы сұра-
лады)

Сабағымыздың «Тарихы терең
төлтанбам» деп аталатын кезеңінде
оқушылар Ту, Елтаңба, Әнұран та-
рихынан сыр шертеді.

1-жүргізуші:

Бәрі болған қазақ сынды көне
елде,

Ел белгі де, ерлік, өрлік, өнер де.
Жаһандағы ең жауынгер халықта

Кім сенеді Ту болмады дегенге?
Сөз «Көк байрақ» тобына беріледі.

2-жүргізуші:

Бас білгізіп жер тарпыған тарпаңға,

Жасы тұрмақ шығады екен қарты аңға.

Қалай оның Елтаңбасы болмайды,

Түлігіне дейін салса ен — таңба?!

Сөз «Елтаңба» тобына беріледі.

1-жүргізуші:

Батырлыққа уызынан жарыған,

Ер түркіні байрағынан таныған.

Өзі ақын, өзі әнші халықта,

Кім айта алар болмаған деп Әнұран?!

Оқушылар Ту, Елтаңба, Әнұран тарихын әңгімелейді.

1-оқушы: ҚР-ның Ата заңының 34-бап, 2-тармағында «Әркім Республиканың мемлекеттік нышандарын құрметтеуге міндетті» делінген. Олай болса, рәміздерді құрметтеу — әрбір қазақстан азаматының міндеті.

Өлеңдер оқылады.

2-оқушы:

Өзіндікі туың да,

От пен ауа, суың да.

Жаса Қазақстаным,

Белді бекем буын да!

3-оқушы:

Елтаңбасы елімнің

Неткен көркем, әдемі.

Тұнығындай көңілдің

Ортада аспан әлемі.

4-оқушы:

Мақтансаң мақтан елім деп,

Тани біл елдік таңбанды.

Елтаңба, Туың, Гимн — Шырқатты биік арманды.

Тәуелсіздікке тән белгі —

Қасиетті осы рәміздер.

Еліме рух, мән берді,

2-жүргізуші: Туымыз, Елтаңбамыз, Гимніміз бүкіл халқымызды жұмылдырып, рухтандырып тұрады. Мерейлі қазақ елінің Елбасы ел-жұртын жұдырықтай жүрегіне сыйғызып, қыран қанатының астына алып, барша жұрттың теңдігін, татулық пен тыныштықты сақтауды мақсат етіп, бүгінгі қазақ елін осы дәрежеге жеткізді. Елімізде мәңгі тыныштық, бейбітшілік болсын!

Рәміздер қай кезде, қалай қолданылады? (Заңнамадан үзінді, слайд)

Оқушылар Ант қабылдайды. «Көк тудың желбірегені» әнімен сабақты аяқтаймыз.

Г.А. СЕРҒАЗИНА,

**Дарынды балаларға арналған
облыстық мамандандырылған
мектеп-лицей-интернатының
тәрбиешісі.**

Өскемен қаласы,

Шығыс Қазақстан облысы.



Ұлы даланың ұландары

Мақсаты:

- Оқушылардың ойлау, сөйлеу дағдысын дамыту өз ойын мәдениетті түрде жеткізе білу.

- Туған халқына, Отанына, оның тарихи тағдырына деген құрмет сезімін қалыптастыру, патриоттық тәрбие беру.

- Жас ұрпаққа тәуелсіздіктің қадірін, киесін түсіндіру. Оқушыларды ұлтжандылыққа тәрбиелей отырып, отан алдында, өзінің туған халқының алдындағы жауапкершілік сезімдерін ояту.

Міндеттері:

- Топта бірлесе жұмыс істеуге, басқа адамның жұмысын бағалауға үйрету. Қатысушылардың шеберліктерін, ой-өрісін, қызығушылығын дамыту. Ұйымшыл болуға, шапшаңдыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу. Оқушылардың ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру.

Күтілетін нәтиже:

- алған білімдерін түрлі жағдаяттарда қолдана білу;
- сөйлеу мәдениетін көтеру;
- аналитикалық, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту;
- танымдық қызметіне қызығушылық туғызу.

Сабақтың түрі: интеллектуалды сайыс сабағы.

Қолданылатын құрал-жабдықтар: презентациялық материалдар, түрлі-

түсті маркерлар, А4 бағалау парақшасы, мақал-мәтел, жұмбақ, стикер, қоңырау, ватман.

Сабақтың барысы:**I. Ұйымдастыру кезеңі.**

Мұғалім: Қош келдіңіздер құрметті, ұстаздар оқытушылар! Ата-бабаларымыздың қанымен келген Тәуелсіздігіміз құтты болсын! «Тәуелсіздік» — киелі ұғым... Бұл жолда қаншама ерлеріміз өмірмен қоштасты, қаншама ержүрек қыздарымыз жауға қарсы тұрды. Осылай ғасырлар бойы аңсап күткен тәуелсіздіктің тұғырлы болуы бүгінгі ұрпақ, сіздердің қолдарыңызда!

1-жүргізуші:

Қазақстан — сан ғасырлық тарихы бар,

Қазақстан — бұл азат ел танысыңдар.

Көк байрағы, елтаңба, әнұраны,

Қазақ елі егеменді, сан ұлты бар.

Құрметті оқушылар, «Ұлы даланың ұландары» атты интеллектуалдық сайысымызды бастаймыз!

- Бәйгеге түсіп жарыспай,

Жүйріктің бағы жанар ма?

Білім мен өнер жарысып,

Тәрбие — тәлім табар мән.

Бұл бәйге ойдың бәйгесі,

Кім жүйрік ойға сол — алда, - дегендей, ой мен білім жарысына қош келдіңіздер!

Мұғалім:

Бүгінгі сайысымызға 3 топ қатысуда. Әр топта бес оқушыдан. Сайыскерімізбен таныс болыңыздар! Павлодар қаласы №25 мектептің оқушылары — «Ұлан» тобы, Павлодар қаласы №35 мектебінің оқушылары — «Алғыр» тобы және Павлодар қаласы №37 мектептің оқушылары «Намыс» тобы.

Қазылар алқасымен таныстыру.

Мұғалім: Сайысымыз 7 кезеңнен тұрады.

Топқа бөлу:

Оқушылар қоржынның ішінен 1, 2, 3 сандарымен нөмірленген асықтарды кезек-кезектен тандап алады. Бұл командалардың ойынды бастау тәртібін анықтайды.

Таныстыру. *Үйге берілген тапсырма бойынша әр топ өздерін таныстырады.*

«Ұлы даланың ұлы есімдері». *Әр топқа бес сұрақтан оқылады. Егер сұраққа жауап бере алмаса, сұрақ келесі топқа беріледі.*

«Сандар сөйлейді». Тәуелсіз Қазақстан бойынша сіздердің алдарыңыздар жылдар мен айлар жазылған осы даталар қандай белгілі оқиғалармен байланысты. Топтар жауап береді.

«Танымал жерлестерді білесің бе?» танымал жерлестер туралы мәлімет оқу, мерейтой иелерін айту.

«Кім жылдам?» сайысы. Әр топқа 10 сұрақтан қойылады. Бір сөзбен «иә» немесе «жоқ» деп жауап бересіздер.

Ұлттық ат спорт ойындарын біле-

сің бе? Командалар берілген карточкалардың ішінен ұлттық ат спорт ойындарды тандап алады.

«Өнер алды — қызыл тіл» мақал-мәтелді жалғастыру. Бұл кезеңде әр топқа 7 мақал-мәтелдің басы оқылады, топ мақалды жалғастыру қажет.

Мұғалім:

- Білген сайын келеді біле бергім,
Біле беру емес пе тілегі елдің.
Бүгін осы сайыста жеңіске жет,
Білімді, әрі білікті жас жеткіншек,
- деп сайысымызды бастаймыз.

Сонымен, оқушыларға сәттілік тілей отыра, ойынымыздың 1-кезеңіне көшеміз. *Әр топ өзінің атын, ұранын таныстырады.*

1-кезең. Таныстыру. Әр мектеп өздерін таныстырып, ұранын айтады.

2-кезең. «Ұлы даланың ұлы есімдері»

- Әр топқа 5 сұрақтан оқылады. Егер сұраққа жауап бере алмаса, сұрақ келесі топқа беріледі. Сұрақтар жерлес ақын-жазушылардың өмірінен, мерейтой иелеріне байланысты болады.

№25 мектепке:

1. Қазақстанның тұңғыш ғарышкері кім? (Тоқтар Әубәкіров)

2. Менің атым қожа әңгімесінің авторы ? (Бердібек Соқбақбаев)

3. «Көксерек» әңгімесінің басты кейіпкері? (Құрмаш)

4. «Атымтай жомарт» әңгімесінің авторы кім? (Ы. Алтынсарин)

5. Тұңғыш әліппе оқулығын жазған кім? (А. Байтұрсынов)

№35 мектепке:

1. Павлодар қаласында әйгілі драматургтың есімімен берілген қандай қазақ театры бар? (Ж. Аймауытов атындағы театр)

2. Күй атасы кім? (Құрманғазы).

3. Екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, халық қаһарманы, қазақтың көрнекті жазушысы. Бірнеше орден наградалар иегері және Кеңес Одағының батыры? (Бауыржан Момышұлы)

4. Бес жақсы, бес жаман әдет туралы жазған ақынды атаңыз — (Абай)

5. Ұлы ғалым, ойшыл философ, математик, астролог, музыка теоретигі. Әскербасының отбасында дүниеге келген. (Әл-Фараби)

№37 мектепке:

1. Қазақ алфавитін жасаған ғалым? (А. Байтұрсынов)

2. Қазақтың батыр қыздары кім? (Әлия мен Мәншүк)

3. Әнұран авторлары ата: (Сөзі: Ж. Нәжімеденов, Н. Назарбаев. Әні: Ш. Қалдаяқов)

4. Қазақ батыры, жоңғар басқыншылығына қарсы шыққан қолбасшысы. Баянауыл даласын басып алмақ болған жоңғарларға қарсы соғыста қаза тапты. Баянауылда оның атымен көл аталған. (Жасыбай батыр)

5. Ғалым әрі қоғам қайраткері, Қазақстан Ғылым академиясын ұйымдастырушы әрі оның тұңғыш президенті, геология-минералогия ғылымдарының докторы, профес-

сор, Ертіс-Қарағанды каналының аты берілген? (Қаныш Сәтбаев)

3-кезең. «Сандар сөйлейді» - Тәуелсіз Қазақстан бойынша сіздердің алдарыңызда жылдар мен айлар жазылған осы даталар қандай белгілі оқиғалармен байланысты? Топтар жауап береді.

1. ҚР Мемлекеттік нышандары — Елтаңба, Ту, Әнұран қашан қабылданды? (1992 жыл, 4 маусым)

2. Ұлттық валютамыз — теңге қашан жарыққа шықты? (1993 жыл, 15 қараша)

3. 1995 жыл, 30 тамыз — (ҚР жаңа Конституциясы қабылданды)

4. 1991 ж. 1 желтоқсан (Қазақстанның тұңғыш Президенті сайланды).

5. 1991 ж. 16 желтоқсан — (Қазақстан тәуелсіз мемлекет болды)

6. 1995 ж. 30 тамыз — (Қазіргі конституция қабылданды)

4-кезең. «Танымал жерлестерді білесің бе?»

Экранға әйгілі тұлғалар туралы сұрақтар шығады, бұл кім туралы айтылды және нешеге толатынын табу керек.

№25 мектепке:

1. Абылай ханның сенімді серіктерінің бірі, жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте ерекше көзге түскен батыр әрі би. Павлодар облысында туған. Арғын ішіндегі бәсентин руынан шыққан. Оның әкесі Токтауыл — батыр, балуан, анасы Мөлдір — қалмақтың атақты ноянының қызы, қарындасы Гауһар (Қабанбай батыр-

дың әйелі) — ерлігі аңызға айналған қаһарман қыз болған. Бұл батыр туралы деректер алғаш рет Шоқан Уәлихановтың жазбаларында кездеседі.

Жауабы: Малайсары батыр 1700-1750 жж.

2. Қазақ халқының әйгілі әнші-сазгері, ақыны. Туған жері — Павлодар облысының Баянауыл ауданындағы Жасыбай көлінің жағасы, Ақшоқы алқабы. Домбыра, сырнай, скрипка аспаптарын меңгерген. Әндерін күні бүгінге дейін халық сүйіп тындайды. Алыста жүріп, туған жерін сағынып «Сүйіндік» әнін шығарады. «Толғау», «Арап ұрыға», «Бозторғай», «Хаулау», «Ақ сиса» әнін шығарған.

Жауабы: Жаяу Мұса Баяжанұлы 1835-1929.

3. 1889 жылы дүниеге келген.

Жазушысы, драматург, публицист.

Повесть: «Күнікейдің жазығы».

Романдары: «Қартқожа», «Ақбілек».

Қазақ АҚСР Халық ағарту комиссариаты комиссарының орынбасары болып қызмет атқарған.

Жауабы: Жүсіпбек Аймауытов.

4. Ақын, ағартушы.

«Шоң серіктестігі» деген ұйым құрған.

Өлеңдері: «Оқып жүрген жастарға», «Шығамын тірі болсам адам болып», «Бір адамға», «Шәкірт ойы». Романы: «Қамар сұлу». 1920 жылы дүниеден өткен.

Жауабы: Сұлтанмахмұт Торайғыров.

5. Халық әншісі, композитор.

Павлодар қаласында дүниеге келген. Жасынан гармон тартып, ән салған. Кереку, Баянауыл, Семей аймағындағы жәрмеңке, той-думандарда өнер көрсетіп, есімі елге жайылған. «Ахау, Семей», «Гауһар тас», «Ертіс», «Сәулем-ай», «Мақпал», т.б. халық әндері бар.

Жауабы: Майра Шамсутдинва.

6. Қазақстан Суретшілер Одағының мүшесі, Президент сыйлығының лауреаты, қазақ халқының сәндік қолданбалы көркемөнер дәстүріне тірене отырып, пластикалық және үлгілік жүйеде өзінің жеке стилін дамытқан. «Ана суреті» (1986); «Раушан» (1987); «Достар» (1988); «Айнұр» (1992); «Шырын» (1992); «Сонар» (1993); «Дабыл» (1994); «Көзқарас» (1999); «Таным» (2000) деген еңбектері бар.

Жауабы: Қабдыл-Ғалым Қаржасов.

5-кезең. «Кім жылдам?» сайысы. Бұл сайыста «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы бойынша сұрақтар кездеседі.

Әр топқа 10 сұрақтан қойылады. Бір сөзбен «иә» немесе «жоқ» деп жауап бересіздер

№25 мектепке:

Жібек жолының жалпы ұзындығы 200 метр ме? (Жоқ)

Қазір Қазақстанда қызғалдақтың 35 түрі өседі. (Иә)

Түскесте мен түскиіз тіккенде «Раушан гүл» оюы кестелене ме? (Жоқ)

Германия — қызғалдақтың Отаны. (Жоқ)

«Аң стилі» феномені әлемдік өнердегі биік белестері болып саналады ма? (Иә)

120 минутта 3 сағат бар. (Жоқ, 2 сағат)

Жұмбақ — үлгі-өнеге ретінде айтылатын әрі қысқа, әрі нұсқа нақыл сөз. (Жоқ. Бір затты, жайды ойлап табу үшін астарлап айтылған қысқаша өлең)

Қандай? Қай? Сұрақтарына жауап беретін сөздер заттың сынын, сапасын білдіреді. (Иә)

Еліміздің солтүстік өңіріндегі энеолит дәуіріне тиесілі «Ботай» қонысында жүргізілген қазба жұмыстары жылқының тұңғыш рет қолға үйретілгені дәлелденді ме? (Иә)

Алатаудың баурайында алма мен қызғалдақ өсе ме? (Иә)

№35 мектепке:

1. ҚР 1998 жылы тәуелсіздік алды? (Жоқ)

Донер, кәуап, хашлама қазақтың ұлттық тағамдары ма? (Жоқ)

Үстеудің 10 түрі бар ма? (Жоқ, 9)

Алтын адамды Зейтін Ақышев тапқан ба? (Жоқ, Кемел Ақышев тапқан)

Қазақ тілі түркі тілдес тілдер тобына жатады? (Иә)

Алтын адам киімі 4 мыңға жуық алтын әшекейлермен безендірілген бе? (Иә)

Қазақстанның Орталық, Солтүстік және Шығыс аймақтарында тау-кен

өндірісінің ошақтары пайда болып, қола, мыс, мырыш, темір, күміс пен алтын қорытпалары алына басталды ма? (Иә)

Өмірде болған адамға қатысты құрылған халық шығармасы ертегі. (Жоқ, аңыз)

Жер бетінің қағазға кішірейтілген бейнесі карта. (Иә)

Бүгінде жер жүзінде қызғалдақтың 3 мыңнан астам түрі кездесе ме? (Иә)

№37 мектепке:

Абай 1846 жылы туған жылы? (1845) (Жоқ)

Алтын адам сақ жауынгерінің мүрдесі ме? (Сақ жауынгерінің мүрдесі) (Иә)

Беташар келін түскенде айтылады? (Иә)

Отырар қаласында әлемдік өркениеттің ұлы ойшылдарының бірі — Әбу Насыр әл-Фараби туды ма? Иә

Металлургия пайда болған алғашқы орталықтардың бірі — Ресей мемлекеті (Жоқ)

Дауыссыз дыбыстар 3-ке бөлінеді. (Иә. Қатаң. Ұяң. Үнді)

Өмір сүру үшін адамға ең қажетті нәрселер: үй, киім, көлік, теледидар. (Жоқ. Тамақ, ауа, су, жарық, жылу)

Жібек жолы атауын алманиялық ғалым Фон Рихтгофен және А. Нерман (A Nerman) 19-ғасырда ұсынған ба? (Иә)

Алтын адам Қарағанды облысындағы, Есік қаласының солтүстігіндегі Есік өзенінің сол жақ жағалауында табылды ма? (Жоқ)

Көкжиектің негізгі 4 тұсы бар. (Иә. Солтүстік, оңтүстік, батыс, шығыс)

6-кезең. Ұлттық ат-спорт ойындарын білесің бе?

Командалар берілген карточкалардың ішінен ұлттық ат-спорт ойындарды тандап алады.

Әр топқа ұлттық ойындар жазылған парақшалар таратылады, топпен ақылдасып, ат-спорт түрлеріне жататын ойын түрлерін белгілеп, әділ қазыларға береді.

Дұрыс-бұрыстығын слайд арқылы тексереді.

Жорға жарыс, қазақша күрес, тоғызқұмалақ, алтыбақан, **көкпар тарту**, **аударыспақ**, **жамбы ату**, аксерек-көксерек, кірпіше қарғу, **теңге ілу**, **тай жарыс**, **құнан жарыс**, **токбәйге**, қас-құлақ, ордағы қасқыр, **жігіт сыны**.

Командалар жауап берген соң, ат спорт ойындары экраннан көрсетіледі.

7-кезең «Өнер алды — қызыл тіл» мақал-мәтелді жалғастыру.

Бұл кезеңде әр топқа 7 мақал-мәтелдің басы оқылады, топ мақалды жалғастыру қажет.

«Өнер алды — қызыл тіл» мақал-мәтелді жалғастыру.

Бұл кезеңде әр топқа 10 мақал-мәтелдің басы оқылады, топ мақалды жалғастыру қажет.

№25 мектепке:

1. Кітап — білім бұлағы, ... (білім — өмір шырағы)

2. Досы көпті жау алмас, ... (ақылы көпті дау алмас)

3. Әркімнің өз жері ... (жұмақ)

4. Еңбек етсең ерінбей, ... (тояды қарның тіленбей)

5. Жері байдың — ... (елі бай)

№35 мектепке:

1. Бас кеспек болса да ... (тіл кеспек жоқ).

2. Тіліңмен жүгірме, ... (біліміңмен жүгір).

3. Өтірік сөз ... (өрге баспас).

4. Өтіріктің құйрығы ... (бір тұтам).

5. Атаңа не қылсаң ... (алдыңа сол келеді).

№37 мектепке:

1. Ананың көңілі балада, ... (баланың көңілі далада)

2. Дені саудың, ... жаны сау.

3. Жақсыдан үйрен, ... жаманнан жирен.

Әдепті бала арлы бала, ... әдепсіз бала сорлы бала.

4. Үлкенге — құрмет, ... кішіге ізет

5. Көп жасаған білмейді, ... көп оқыған біледі.

Осымен бүгінгі сайысымыз өз мәресіне жетті. Барлық командаларға үлкен алығыс білдіреміз. Марапаттау.

Қазылар алқасына сөз кезегін береміз.

Келесі кездескенше сау саламатта болыңыздар!

Әсем Серікқызы АИПОВА,
М. Катаев атындағы Оқушылар
сарайының әдіскері,
«Қаламгер» жас тілшілер
студиясының жетекшісі
Павлодар қаласы,
Павлодар облысы.

Бабалар сөзі — тәрбие көзі



Толқын
Оспанжанқызы
БАЙТОҒАЕВА,
№49 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәні мұғалімі.
Сарыөзек кенті,
Кербұлақ ауданы,
Алматы облысы.

Мақсаты: оқушы бойына ақыл мен парасатты, сөз құдіреті мен көркем сөздің мәйегін сіңіру. Ұлттық дүниетаным негіздерін қалыптастыру. Бабалардан қалған ұлағатты, ғибрат аларлық сөздерді оқушыларға ұғындыру, сол сөздерден өнеге алуға баулу. Ұлыларымызды құрметтеу, даналардың даралығын бағалау, қастерлей білуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Интерактивті тақта, қанатты сөздер.

Барысы:

2-жүргізуші: Халқымыз «Тәлім сөз — тәрбие құралы» деп бекер айтпаған. Сондықтан да әр дәуірлерде өмір сүрген қазақтың ұлы ойшылдары мен көрнекті ақын-жазушыларымыздың ұлағатты сөздері мен ой-пікірлеріне кезек берейік.

1-оқушы:

Адамзатқа не керек:
Сүймек, сезбек, кейімек.
Харекет қылмақ, жүгірмек,
Ақылмен ойлап сөйлемек.
(Абай Құнанбаев)

2-оқушы:

Тән сезіп, құлақ естіп, көзбен көрмек,

Мұрын иіс, тіл дәмнен хабар бермек.

Бесеуінен мидағы ой хабар алып,
Жақсы, жаман әр істі сол тексермек.

(Шәкәрім Құдайбердіұлы)

3-оқушы:

Ел үшін еңбек етсең, халқын сүймек,

Біз үшін отқа, суға түсіп жүр деп.
Ер өлсе де, еңбегін ел өлтірмес,
Неше мың жыл өтсе де тарих білмек.

(Сұлтанмахмұт Торайғыров)

4-оқушы:

Қызмет қылсаң халқыңа,
Игі ат қалар артыңа.
Пайдалы басқа еңбектен,
Бас кетсе де тартынба!
(Сәбит Дөнентаев)

5-оқушы: Күн жылытпайтын суық көңілді сөз ғана жылыта алады. (Ғабиден Мұстафин)

6-оқушы: Тумысында қанша зеректік болса да, ғылымсыз, тәрбиесіз кемеліне жетпейді. (Міржақып Дулатов)

7-оқушы: Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін ең алдымен азаттық пен білім қажет. (Шоқан Уәлиханов)

8-оқушы:

Оқыса білім бұлағы,
Оқыса елдің ұланы -
Тірілтіп, елге жан бітіп,
Елі үшін жұмақ қылады. (Бейімбет Майлин)

9-оқушы:

Өмір барда ескіrmес,
Бағасы құнды өрен сөз. (Жамбыл Жабаев)

10-оқушы: Білім бақтың жібермейтін қазығы, білімсіз бақ әлдекімнің азығы. (Мұхтар Әуезов)

«Қазақтай ел қайда?» әні орындалады.

1-жүргізуші:

Көп жасаған қария,
Ақылы теңіз дария.
Көп өнеге сөзі бар,
Сөзі соңынан өзі нәр. Біздің халқымыздың ең құрметті өнері сөз өнері. Соның бірі шешендік өнер.

2-жүргізуші: Солардың ең бастылары: от ауызды, орақ тілді, ақылы асып туған билер: Төлеби, Қазыбек би, Әйтеке би.

Көрініс: «Төле бидің шешендігінен үзінді».

1-жүргізуші: XIX ғасырдың екінші жартысында, дәлірек айтқанда, соңғы ширегінде қазақ әдебиетінде жаңа бағыт орнықты.

2-жүргізуші: Қазақ халқының үш ағартушы —демократтары Абай Құнанбаев, Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, осындай бағыттың көшбасшылары болды. (Мағлұмат беру)

11-оқушы: Атыс-шабысқа, қуғын-сүргінге толы болған жиырмамыншы ғасырдың басында қазақ халқы небір асыл ұлдарынан айырылды. Атап айтатын болсақ:

12-оқушы: Бес арыс: Шәкәрім Құдайбердиев, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев.

13-оқушы: Үш бәйтерек: Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Сәкен Сейфуллин.

«Әке туралы жыр», «Өз елім» әндері орындалады

1-жүргізуші: Ірі тұлғалардың құдіретін мойындау әдебиет пен өнер жолындағы адалдықтың көрінісі — болашақ ұрпақтың еншісі, қастерлеп қадірлейтін қазынасы.

Салт-дәстүрді білесің бе?

Мақсаты: Қазақтың салт-дәстүрін дәріптей отырып, елін, жерін, тілін, әдет-ғұрпын құрметтеуге, адамгершілігі мол азамат қалыптастыру.

Түрі: ойын сабақ.

Барысы: I. Ұйымдастыру. Ойын шартымен таныстыру, топтарды таныстыру.

I. «Бабалар дәстүрін білесің бе?»

II. «Ата дәстүр — асыл қазына»;

III. «Құпия сандық»;

IV. «Аталар айтқан асыл сөз»;

V. «Ұлағатты ұлттық ұғымдар».

Біздің салт-дәстүріміз сонау көне заманда қалыптасқан. Күні бүгінге дейін мән маңызын жоймаған мерекенің бірі Наурыз мейрамы. Ол дәстүр салтымыз бен ойын-сауығымыздың бәрі де тегіс қамтылатын жыр думан. Ендеше, сауығымызды бастайық. 6 «а» сыныбынан «Тұлпар» тобын, 7 «а» сыныбынан «Сұңқар» тобын, 8 «а» сыныбынан «Жалын» тобын, 8 «б» сыныбынан «Қыран» тобын ортаға шақырамыз.

Ойын 5 бөлімнен тұрады. Шарттарымен таныстыра кетейін, әр топқа сұрақ беріледі, ойлануға 1 минут. (Дұрыс жауапқа 2 ұпай)

1) «Тұлпар тобына» Қазақша жыл атауларын ретімен ата?

2) «Сұңқар» тобына Наурыз көжені қандай тағам түрлерінен жасайды?

3) «Жалын» тобына Жеті атаңды ата?

4) «Қыран» тобына Жарапазан не үшін айтылады? 1-2 шумағын айт.

1-жүргізуші: Наурыз — парсы сөзі. Наурыз шығыс халықтарының қадамы, күн парағының жаңа жылы. Ол табиғат тіршілігінде қайыра басталатын, жаңарған, қайыра түлеу, көктем мерекесі.

2-жүргізуші: Иә, дұрыс айтасың, наурыз шын мәнінде халықтың еңбек мерекесі. Көл-көсір қуаныш пен шалқыған шаттыққа толы келер күнге үміт арқалаған жасару мерекесі.

2-бөлім «Ата дәстүр асыл қазына» деп аталады. Ойын шарты бойынша әрбір топтан 1 оқушы шығады. 1 минут ішінде 10 сұраққа жауап береді. (Әрбір дұрыс жауапқа 1 ұпайдан беріледі)

1-топқа:

Ұлыстың ұлы күні жасалатын тағам. (Наурыз көже)

Қыз ұзатылғанда киілетін бас киім? (Сәукеле)

Жылқының пірі? (Қамбар ата)

Екі ақынның өнер сайысы. (Ай-тыс)

Сиыр сүтінен жасалатын құрт. (Ежігей)

Түнде ұшатын құс. (Үкі)

Көшіп келгенде берілетін қонақасы? (Ерулік)

40 өтірік айтқан бала? (Тазша)

Сүйекпен ойналатын ұлттық ойын? (Ақ сүйек)

Жеті қазынаның бірі? (Ит)

2-топқа:

Ұясы жоқ құс. (Көкек)

Қазақтың ұлттық аспабы. (Қобыз)

Жылқы етінен жасалатын тағам. (Қазы-қарта, жал-жая)

Жүннен жасалған бұйым. (Текемет)

Сиырдың пірі. (Зеңгі баба)

Адасқанға бағыт беретін жұлдыз. (Темірқазық)

Мойынға салатын әшекей. (Алка)

Нәресте туылғанда берілетін кәде. (Қалжа)

Ірімшік неден жасалады. (Сүттен)

Тәттімбеттің күйі. (Саржайлау)

3-топқа:

Жент неден жасалады? (Тарыдан)

Мұсылман дінінің пайғамбары? (Мұхаммед)

Қуаныш айғағы ретінде жасала-

тын кәде. (Шашу)

Ешкі малы тартылатын ұлттық ойын. (Көкпар)

Балаға берілетін енші. (Бәсіре)

Су тасуға арналған құрал. (Иінағаш)

Байырғы қазақ күнтізбесіндегі наурыз қалай аталған? (Сүмбіле)

Саңылау тесіктен үйге түскен сәуленің нұрын не деген? (Ұт)

Қойдың пірі. (Шопан ата)

Түйе сүтінен жасалатын сусын? (Шұбат)

4-топқа:

Жаңа киімге берілетін жоралғы. (Байғазы)

Құрманғазының күйі. (Адай)

Көшпелі қазақтың ұлттық баспанасы. (Киіз үй)

Күйеу балаға берілетін кәде. (Төс)

Наурыз айында гүлдейтін өсімдік. (Наурыз шешек)

Жылқы малы нешеге келеді? (33)

Түйе пірі. (Ойсыл қара)

Жарыста бірнеше мәрте озып келген тұлпар. (Сәйгүлік)

Қазақ ауыз әдебиетіндегі күлдіргі кейіпкер. (Алдар)

Байырғы қазақ күнтізбесіндегі наурыз айының атауы. (Хамал)

Келесі кезекті «Құпия сандыққа» береміз. Ойын шарты: Сандықтан әрбір топ өздеріне тиісті нөмірді алып, 3 минутта көріністі

мимика арқылы бір-біріне көрсетеді. Қарсыластар табу керек.

1-топқа: Бесіктегі бала жылап жатыр, анасы уатуда;

2-топқа: «Тұсау кесер» рәсімін көрсету;

3-топқа: «Мектепте оқушысы бестік алғанына қуануда»;

4-топқа: «2 бүлдіршін ойнап отырып ойыншыққа таласып қалды».

«Аталар айтқан асыл сөз». Ойынымыздың шартымен таныстыра кетейін, алдарыңызда сөздер жатыр, салт-дәстүрге, тілімізге, дінімізге байланысты кім көп мақал-мәтел біледі екен? (Әрбір дұрыс мақалға 2 ұпай)

Жүргізуші: Менің ойымша, адамға керегі көз, тіл, көңіл дер ем. Себебі, көз болмаса жарық дүниені көрер ме едің? Тілің жоқ болса ойыңды жеткізе алмайсың ғой, ал көңіл-күйің жоқ болса өмірде еш нәрсеге зауқың болмайды, сонда мен не үшін өмір сүремін деп ойлаймын.

Ендеше келесі кезекті «Ұлағатты ұлттық ұғымдар» бөліміне берейік. Ойын шарты: Топ бойынша әрбір санға киелі ұғымдар айтамыз. (Дұрыс жауапқа 5 ұпай).

1-топқа (3, 4 саны):

«Үш байлық не?» жауабы: (1-байлық — денсаулық, 2-бай-

лық — ақ жаулық, 3-байлық — қорадағы бес саулық).

«Төрт күнә» (Аллаға күмән келтіру, нақақтан қан төгу, ата-анаға тіл тигізу, өтірік куә болу)

2-топқа (7, 3 саны):

«Жеті жұт» (құрғақшылық, өрт, оба, соғыс, топан су, зіл-зала, жұт)

«Үш көз» (Су анасы — бұлақ, жол анасы — тұяқ, сөз анасы — құлақ)

3-топқа (4, 7 саны):

«Төрт қорлық» (шақырылмаған жерге бару, бейбастақ сөйлеу, дұшпаннан жәрдем күту, сараңнан қажет сұрау)

«Жеті жетекші» (Адамның басшысы — ақыл, жетекшісі — талап, жолаушысы — ой, жолдасы — кәсіп, қорғаны — сабыр, қорғаушысы — мінез, сынаушысы — халық. (Саққұлақ би)

4-топқа (5, 6 саны):

«Бес қару» (садақ, мылтық, найза, қылыш, айбалта).

Алты асқар (ақыл, білім, жомарттық, әділдік, шыншылдық, кең пейіл).

Ардақ Тұрлыханқызы
ЖУКЕНОВА,
Қызылағаш орта мектебінің
математика пәні мұғалімі.
Қызылағаш ауылы,
Жарма ауданы,
Шығыс Қазақстан облысы.

Әліппенің ар жағы – білім бағы

Мақсаты: білімнің бастауы болған «Әліппеден» үйренгендерін тиянақтау, өнерлерін тамашалау; білімдерінің артып, сөз байлығының молайғанын, саналарының өскенін көрсету; Отанын, мектебін, ұстаздарын, ата-аналарын құрметтеуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: шарлар, әріптердің макеті.

Залда көңілді музыка ойналып тұрады. Ортаға екі оқымысты шығып, байсалды баппен таңданып, жан-жағына қарайды.

1-оқымысты: Ерасыл, мына ғажапты қара. Бүгін бір мереке болатыны анық.

2-оқымысты: Иә, мына әріптерге қарағанда, сірә, Әліппенің мереке-лік кеші болады-ау.

1-оқымысты: Ендеше, неге қарап тұрмыз? Бастайық!

2-оқымысты: Бастасақ, бастайық.

Қыр гүліндей жайнаймыз,

Ән сап, билеп, ойнаймыз.

Бүгін бізде мереке,

Қоштасуды тойлаймыз.

Тал шыбықтай бойына

Әдемі көйлек жарасар.

Шақырайық ортаға

Балғын балдырғандарды.

Музыка ойналады, оқушылар екі-екіден қол ұстасып, сахнаға шығады.

1 «Б» сыныбы. Сынып жетекшісі Жақсылықова Бақыт Қарабалақызы.

1 «Ғ» сыныбы. Сынып жетекшісі Құсаинова Сандуғаш Алтынбекқызы.

«Мектебім» әнін 1 «Ғ» сынып оқушысы Ақбаян орындайды.

1-оқымысты: Балалар, мектепке алғаш келгендегі ұстаздан кейінгі ақылшыларың кім болды?

Хормен:

Болашаққа жол ашар,

Ол сүйікті – Әліппе!

Ол сүйікті – Әліппе!

2-оқымысты: Олай болса, бәрімізге сүйікті, аяулы әліппемізді ортаға шақырайық!

Хормен: Әліппе! Әліппе!

Әліппе:

Армысындар! Жас достар!

Армысындар! Ата-ана!

Болашаққа жол бастар,

Әліппең келді ортаға.

Байқаймын, бүгін мені қуантқалы тұрсындар. Оқымыстылар, не дайындағандарың бар?

1-оқушы:

Қош бол, құтты Әліппе,

Көп нәрсені үйреттің.

Таныстырып әріппен,

Тақылдатып сөйлеттің.

2-оқушы:

Ең алғаш қолға алғанда Әліппені,
Қызығып қарай бердім әріптерді,
Мен үшін сыры жұмбақ бұл кі-
таптың,

Ұстазым, маған кілтін алып бер-
дің.

3-оқушы:

Таныстырған 42 әріппен,
Қош бол, менің сүйікті Әліппем.
Сенің арқаң оқи, жаза білгенім,
Сауатты адам қатарына кіргенім.

4-оқушы:

Келгенде алғаш мектепке,
Білмеуші едік әріп те.
Оқимыз қазір ертекті,
Үйреткен оны Әліппе.

5-оқушы:

Енді біз жаза білеміз,
Әріпті қосып әріпке.
Риза боп саған жүреміз,
Сүйікті біздің Әліппе.

6-оқушы:

Ашыла берді алдымнан,
Кең дүние есігі.
Соғылған сомдап алтын-

нан,

«Әліппе» — білім бесігі.

«Әліппе» әні хормен орындалады.

*Жұлдызнамашы қиялданып,
аспанға қарап, жұлдыздарды
санап келеді.*

Жұлдызнамашы: Қайырлы
күн, халайық!

Әліппе: Ал, Жұлдызнама-
шы, сенің бүгінгі мерекеге не
дайындағаның бар? Не алып
келдің?

Жұлдызнамашы: Әліппе,

балалар әліппені қолдарына ал-
ғаннан бері оқып қана қоймай, со-
нымен қатар өнерді де қатар алып
үлгеріп келеді. Менің санауым бо-
йынша жаңадан туған жұлдызда-
рымды көрсетейін деп, мынау ха-
лық танысын, жұлдыздар биіктен
жарқырай берсін деп бүгінгі кешке
жұлдыздарымды ала келіп тұрмын.

*«Ана», «Астана» әндері орындала-
ды.*

Жұлдызнамашы: Қалай, Әліппе
жұлдыздарымыз ұнады ма?

Әліппе: Бәрекелді! Мен оқушы-
ларға өте ризамын.



7-оқушы:

«Әліппем, менің әліппем»,
Сені қолыма алып мен.



Есігін аштым мектептің,
Ертеңгі сәуле жарықпен.



8-оқушы:

Бітті әліппе сан сабақ,
Бүгін үлкен салтанат.
Өзге оқулықпен достастық,
Әліппемен қоштастық.

«Қазақтай ел қайда?» әні орындалады.

9-оқушы:

Б) Әжеде бар, атада жоқ,
Әтеште бар, көжекте жоқ. (Ә)

10-оқушы:

В) Мынау доға, қарайық,
Ұқсайды оған қай әріп? (Л)

11-оқушы:

Г) Ірімшікті жедің ғой,
Тәтті екенін білдің ғой.
Оның аты біз жазған,
Қайсы әріптен басталған? (І)

12-оқушы:

Ғ) Ата-анамман барып мен,
Пілді көрдім парктен.
Осы атаулар зер салшы,
Басталған қай әріптен? (П)

13-оқушы:

Д) Пілде бар, шілде жоқ,

Допта бар, шарда жоқ. (П)

14-оқушы:

Е) Ешкіде бар, қойда жоқ,
Кеседе бар, қасықта жоқ.
(Е)

*«Қоңырау» әні орындалады.
«Шалқан» көрінісі қойылады.*

Әліппе даңғыл жол ашты,
Жаңадан пәндер жалғасты.

Әліппе сырын ұқтырған,
Хормен: Рахмет, ұстаз ал-

ғашқы.

2-оқымысты: Әліппе, бүгін міне,
енді өзіңмен қоштасуға жиналып
тұрмыз.

Әліппе: Түу, уақыттың жүйрігін-
ай. Шынымен менің әріптерімді
толық үйреніп, оқып та, жазып та,
сахналық қойылым қойып та, тіп-
те ән айтып, би билеуді де үйреніп
алыпсыңдар. Енді үлкен әлемге
даңғыл жолдарыңның басы ашыл-
ғанына көзім жетіп отыр.

Ана тілі келеді.

Ана тілі:

Сөйлетер сөзді шеберлеп,
Өзіңнің ана тіліңмін.
Байыппен жақсы оқысаң,
Негізгі болам білімнің.

«Сыйлық» биі биленеді.

*«Менің Отаным» әні хормен
орындалады.*

2-оқымысты:

Бүгінгі күн әр үйдің той басы деп
саналар,

Балалар есімі әулеттерге тара-
лар.

Ырым етіп сондықтан ертеңгілік соңында,

Ақ тілекпен баршаға тілек айтар қонақтар, - дей келе №54 мектеп-лицейінің директорына құттықтау сөз кезегі беріледі.

1-оқымысты:

Қариялар батасын береді екен,

Бата деген ақ тілеу керек екен.

Жақсы дәстүр жақсы сөз игі тілек, Ұрпақтарға жалғасып келеді екен, - деп батаны халқымыз киелі тілеу деп бағалайды. Осы жас бүлдіршіндерге ақ батасын беруге Ясминнің атасы Рахим Жақияұлын ортаға шақырамыз.

2-оқымысты:

Жүздеріңнен көркем шаттық арайын,

Болсын солай әрбір күнің, әр айың.

Тойларыңыз құтты болсын, ата-ана,

Тойларыңыз тойға ұлассын, ағайын.

Бақыт Қарабалақызы

ЖАҚСЫЛЫҚОВА,

Сандуғаш Алтынбекқызы

КУСАИНОВА,

№54 мектеп-лицейдің бастауыш

сынып мұғалімдері.

Нұр-Сұлтан қаласы.

Табиғатты қорғайық!

Мақсаты:

Білімділік: оқушылардың ғылыми-экономикалық дүниетанымы мен этика, эстетикалық мәдениетін, адамгершілік ізгілігі мен жауапкершілігін және де оқушының қоршаған ортаға, табиғатқа деген парасатты, мәдени жауапкершілігін арттыру;

Дамытушылығы: баланың ой-өрісін дамыта отырып, білім-білік дағдыларын қалыптастыру, табиғатты күтуге, аялауға үйрету;

Тәрбиелігі: халықтық салт-дәстүрге негізделген экологиялық тәрбие беру.

Сабақтың түрі: пікірталас.

Сабақ әдісі: ой қозғау, сұрақ-жауап, әңгімелесу.

Сабақтың көрнекілігі: суреттер, мақалдар, көрмелер.

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі.

1. Оқушыларды сабаққа даярлау;
2. Сабақтың тақырыбы мен мақсатын, типін, түрін хабарлау;
3. Жұмбақтар мен мақалдар айтқызу;
4. Көрініс;
5. Экологиялық суреттермен жұмыс (пікірталас);
6. Қорытынды.

- Балалар, бүгін табиғат жайлы көп мағлұмат аламыз, яғни табиғатты қорғауды, аялауды үйренеміз. Сол себептен бүгін біз табиғатқа саяхатқа шығамыз.

Жалпы табиғат деген сөзді сіздер қалай түсінесіздер? Қазір жылдың қай мезгілі? Біздің еліміз қалай деп аталады? Сіздер Қазақстан туралы қандай өлеңдер білесіздер?

- Балалар, табиғат 2-ге бөлінді. Өлі және тірі. Енді, тірі табиғатқа нелер жатады? (Адамдар, құстар, жануарлар, жәндіктер)

- Өлі табиғатқа нелер жатады? (Күн, ауа, жер, су, тас, құм)

- Балалар, сіздер табиғат жайлы жұмбақ шеше аласыздар ма?

Бар ма, жоқ па, оны білмейсің.

Ол жоқ жерде өмір сүре алмайсың. (Ауа)

Еш жерге тұрақтамайды,

Ол жоқта жер құрғайды. (Су)

Таңмен көзін ашады,

Әлемге нұрын шашады. (Күн)

- Өте жақсы, балалар, жұмбақ шеше алады екенсіздер. Ал енді мақал-мәтелдер, өлеңдер білесіздер ме?

Табиғат — төл анамыз,

Тынысымыз — ауамыз.

Су жерге нәр береді,

Жер адамға нан береді.

- Ал, су, ауа туралы өлең кім біледі?

Сылдырайды мөлдір су,

Мөлдір суға қолың жу.

Жуынсаң сен әрдайым,

Аппақ бетің, мандайың,

Тазалықтың досы,

Су дегенің осы.

- Тыйым сөздер ше?

1. Сусыз өмір жоқ.

2. Судың да сұрауы бар.

3. Суды үнемде.

4. Бұлақты ластама, қайта көзін аш.

5. Су жағасына кір жума.

6. Су ішкен құдығына түкірме.

7. Судың бетін ашық қалдырма.

- Өте жақсы, балалар. Сіздер көп нәрсе біледі екенсіздер! Ал енді бізді қоршап отырған табиғаттың ауасына, жеріне, суына, өзен-көлдеріне не болып жатқанын білесіздер ме?

(Балалар өз ойларын ортаға салады)

- Рахмет, балалар! Енді мына бір көрініске назар аударсақ қалай болады?

Көрініс:

- Достар, достар! Айналаңызға қараңызшы, қандай тамаша күн, әсем табиғат:

- Тынданыздаршы, көкек көкілдеп жатыр.

- Көкек-көкек, біз енді неше жыл өмір сүреміз?

Көкек үнсіз қалады.

- Сонда мен не, ешқашан жер шарын, ғарыш әлемінен көре алмаймын ба?

- Ал, мен, ешқашан өмірімде бір-ақ рет гүлдейтін алава гүлін көрмеймін бе? Сонда бізге қауіп төндіріп тұрған кімдер?

Сахна артынан: Бұл адамдар, өздеріне-өздері қауіп төндіріп жүр.

- Енді бізге кім көмектеседі?

- Сіздерге біз көмектесеміз.
- Сендер кімдерсіңдер?
- Біз: «Жас экологтар» тобымыз, табиғат қорғаушылары.
- Сендер немен айналысасыңдар?
- Біз үгіт қағаздарын жасаймыз. Үгіт қағаздарын таратады.
- Біз табиғатты қорғауға арналған іс-шаралар жүргіземіз.
- Ал бізді өздеріңіздің топтарына аласыздар ма?
- Әрине, аламыз. Бірігіп жұмыс жасаймыз.
- Қандай жұмыстар жасаймыз?
- Барлық халықты бізді қоршаған табиғат ананы ластамауға, бүлдірмеуге шақырамыз. Енді, балалар, осы көріністен ойларыңызға не түйдіңіздер? *(Балалар жауабы)*
- Адам табиғатсыз өмір сүре алмайды. Өйткені, адамзат өзіне керекті заттардың бәрін сол табиғаттан алады. Мысалыға, ағаштан қағаз, жиһаз, құрылыс материал-

дар, музыкалық инструменттер, т.б. заттар жасайды. Машиналар мен тікұшақтар және құрал-саймандар металдардан жасалады. Оларды да жер қойнауынан пайдалы қазбадан алады. Мұнайдан алынатын бензин, керосин, солярка керек. Ал, мұнайды көгілдір от, газ сияқты жер астынан алады. Сондықтан да біз табиғатты аялай білуіміз керек.

- Енді, балалар, ауыл мен қаланың табиғатын, ауасын салыстырып көрейікші. Өз ойларыңызды ортаға салсаңыздар. *(Пікірталас)*

- Қорытындылай келе бүгінгі сабағымыздан алған әсерлеріңізді өз ойларыңызбен жеткізсеңіздер. Сабағымыздан ойларыңызға не түйдіңіздер?

**Гүлраушан Есжанқызы
ИСМАНҚҰЛОВА,**

**№54 мектеп-лицейінің бастауыш
сынып мұғалімі.**

Нұр-Сұлтан қаласы.

Құстар - біздің досымыз

Мақсаты: оқушыларға жалпы құстардың пайдасы туралы мағлұматтар беру. Құстарға қамқор болуға, құстарды аялауға, бейімдеу. Оқушылардың құстар туралы ой-өрісін, түсініктерін дамыту.

Көрнекілігі: құстар жайлы мақал-мәтелдер, «Құс — табиғаттың бай-

лығы» құстардың суреттері, сөзжұмбақ, жоспар.

Әдісі: түсіндіру, сұрақ-жауап.

Сабақтың барысы.

1. Ұйымдастыру бөлімі:

а) Оқушыларды түгендеу;

ә) Оқушыларды сабаққа даярлау.

2. Кіріспе. Ортаға қанатты достарымыз құстарды шақырайық.

Торғай:

Мен торғаймын, торғаймын,
Суықтан да тоңбаймын.
Құрт-құмырсқа, шіркейден,
Бау-бақшаны қорғаймын.

Үкі:

Үкі едім түнде ұшып қалықтаған,
Құртудан зиянкесті жалықпаған.
Үкімді үлпілдеген киелі деп,
Бұрыннан-ақ адамдар тағып алған.

Жапалақ:

Мен жапалақ қалыспаймын жарыстан,
Қорегімді іздемеймін алыстан.
Іннен басы қылт етсе-ақ тышқанның,
150-ін әр ай сайын жалмаймын.

Бұлбұл:

Мен еркін бақытты бұлбұлмын,
Бұлағын тасытқан ән-жырдың.
Тамаша тамылжытып шырқаймын,
Шаттығын тауса алмай әр күннің.

Сауысқан:

Мен сауысқан, сауысқан,
Қалдықты жеп тауысқан.
Зиянды жәндік, құрттарды,
Тышқанды жеп тауысам.

Аққу:

Құс сұлуы — аққумын,
Табиғат көркін сыйлаған.
Мылтығын кезіп еш мерген,
Атуға көзі қимаған

1-оқушы:

Аққулар аңыз көп қой олар жайлы,
Көзіңмен көргеніндей бола алмайды.

Тек қана тыныштықта ұйықтайды олар,

Шошыса екінші рет оралмайды.
«Аққу күйі» биі биленеді.

Қараторғай:

Адамдарға жыр, әнмін,
Ал шіркейге қыр әнмін.
Үй салып берген достармен,
Көрші болып тұрамын;
Мен — қараторғай боламын.

2-оқушы: Қараторғайлардың біртобы бүкіл балапандарымен бірге 22 тонна шегірткені азық етеді. Қараторғай — орман қорғаушылары.

Тоқылдақ:

Дәрігермін орманға,
Құрт-шіркей көп ол маңда.
Тоқылдатам жатпаймын,
Торғайларды баптаймын.

Ұзақ: Мен ең пайдалы құс — ұзақпын. Көктемде жер жыртылғаннан бастап құрттарды қырамын. Дала егістіктерін жұлдызқұрттан тазартамын.

Қарлығаш: Мен — адамның досымын,

Мекенінде тұрамын.
Шыбын келсе кәсібім,
Ұстап жеймін қырамын.
Тазалаймын үй ішін,
Шыбын деген кеселден.
Ел аузында мақтаулы,
Санитармын төселген.

3-оқушы: «Бір қарлығаш бүкіл жаз бойы 1 миллион құрт жейді», - дейді ғалымдар.

Көкек:

Жаршысымын көктемнің,
«Көкек» дейді мені жұрт.
Өз ойын айтар құс менмін;

Көктемге күтсең мені күт.

Мұғалім сөзі: Көкек көктемде көкек деп ән салады. Кез келген ұяға жұмыртқа табады. Өз ұрпағына ұрпақсыз болса да, көкек пайдалы құстардың біріне жатады. Көкектің балапаны бір күнде 39 шегіртке, 43 жұлдызқұрт, зауза қоңызының бес жұмыртқасын, шытырлақ қоңыздардың 50 жұмыртқасын, 4 өрмекші, құмырсқа жұмыртқаларын қорек етеді.

Көгершін:

Бейбітшілік құсы менмін көгершін,

Жер жүзінде бейбіт еңбек көгерсін.

Аспан тұнық, шат көңілді болайық,

Ақ ниетті абзал жандар көбейсін

«Ақ көгершін» әні хормен орындалады.

Мұғалім сөзі: Міне, балалар, өзіміз айтып өткендей құстардың біз айтпаған түрлері де көп. Әрбір құстың өзіне тән ерекшелігі, сипаты, түрі әр алуан болады. Құстар адам өміріне сән-салтанат беріп, әсем сазды үнімен жаныңды рақатқа бөлейді. Сондықтан атадан балаға мұра болып келе жатқан халық шығармашылығында адам бойындағы ең үздік қасиеттерді құстарға теңеп: «Аққу мойын», «Қасы қарылғаштың қанатындай», «Бүркіт тұмсық», «Қаршыға көз», «Қаз дауысты», «Ұлардай әдемі» деп атаған.

Енді құстарға байланысты болжамдар тыңдайық.

«Шөжелер» биі биленеді.

Мұғалім сөзі: Құстардың адам өміріндегі маңызы туралы қазақ халқының тамаша мақал-мәтелдері көп. Мақал-мәтелдер халықтық педагогиканың үлкен бір арнасы. Олар сан ғасырлар бойы қорытылып, кесек гауһардай жентектелген сөз асылы. Сол мақал-мәтелдерге зер салайық.

4-оқушы: Бұлбұл үнді, жылан тілді.

5-оқушы: Құсқа аяз қатер емес, аштық қатер.

6-оқушы: Ақ сұңқар құстың баласы — алдына қоймай жем жемес.

7-оқушы: Аққу, қазсыз көл жетім,

Киюсіз қалса, бөз жетім.

8-оқушы: Өлеңге енсе, сөз сұлу, Аққу жүзсе, көл сұлу.

9-оқушы: Қарға баптанып, сұңқар болмас,

Есек мақтанып, тұлпар болмас.

10-оқушы: Бұлбұлға бау жақсы, Кекілікке тау жақсы.

Ер жігітке бәрінен,

Туып өскен ел жақсы.

- Енді, балалар, барлығымыз тақтаға назар аударайық. Құстар — табиғаттың байлығы, - демекші мына құстардың барлығы жер бетінде тіршілік ететін құстар.

Бүркіт — өте күшті, ірі денелі алып құс. Елімізде бүркіттің 7 түрі мекендейді. Оны аң аулауға, саят құруға пайдаланады.

Көгершін — бейбітшілік тілейтін, хат тасушы атанған құс.

Түйеқұс — биіктігі 2,5 метр. Сал-

мағы — 136 кг. Құстардың ірісі, ұшпайды, бірақ өте жүйрік. Көбіне олар қуаң, шөл даланы мекендейді.

Қаз — адам қолға бағуға қолайлы, үй құстарының біріне жатады.

Кекілік — тауық тұқымдас құс, түсі көкшіл сұр болады. Ол таулы, тасты жерлерді мекендейді. Жорғалап жүреді. Тастақ шөптің арасына ұя салады.

Қырғауыл — өсімтал құс. Ұясын қалың қамыс, шөпті, ну орманды жерге салады. Оның құйрығы ұзын, әсем құс. Олар орманды бұталы өзен жағалауларын, қамысты-қопалы жерлерді мекендейді.

Тоты — түсі құлпырған, имек тұмсық, қауырсыны көбіне көк, қызыл, сары түсті болады. Біздің елімізде Австралияның қолға үйретілген бұйра тотысы кең таралған.

Тауыс – өте сұлу. Құйрығының ұзындығы 130 см-ге жетеді, жарқыраған теңге-теңге теңбілдері бар әсем құйрықты, кербез құс.

Лашын — жыртқыш құс. Көзі дөп-дөңгелек, қап-қара, жанары ұшқын атып тұрады. Қанаты ұзын және сүйір, топшасы сіңірлі, сау-сақтары салалы келеді.

Қарға — қара түсті, қарқылдап ұшатын суыққа төзімді құстардың бірі.

Үкі — жыртқыш, айбарлы құс. Күндіз көзі көрмейді, тек түнде ұшады, жемін түнде ұстайтын құс.

Мұғалім сөзі: Балалар, біз айтпаған алуан түрлі құстар өте көп. Құстар туралы жұмбақ, әңгіме, аңыз, ертегі, мақал-мәтелдер өте көп. Біздер сыныптан сыныпқа жоғарылаған сайын әр сабақта-рымызда құстар туралы кеңірек танысып, әлі де көптеген түрле-рімен таныса береміз. Бұл құстар-дың барлығы да біздің қанатты достарымыз екенін естен шығар-майық. Олай болса, сөзжұмбақ шешейік.

						Қ	<i>A</i>	<i>P</i>	<i>Л</i>	<i>Ы</i>	<i>F</i>	<i>A</i>	<i>Ш</i>
						Ұ	<i>Я</i>						
						С	<i>A</i>	<i>У</i>	<i>Ы</i>	<i>С</i>	Қ	<i>A</i>	<i>H</i>
<i>B</i>	<i>Y</i>	<i>P</i>	<i>K</i>	<i>I</i>	T								
				<i>B</i>	<i>A</i>	<i>Л</i>	<i>A</i>	<i>П</i>	<i>A</i>	<i>H</i>			
	<i>K</i>	<i>Ө</i>	<i>Г</i>	<i>E</i>	P	<i>Ш</i>	<i>I</i>	<i>H</i>					

Сұрақтары:

Құйрығы айыр, киелі құс.

Құстың негізгі баспанасы.

Құйрығы ұзын, өзі өте сақ құс.

Адамның аң аулауға, саят құруға пайдаланатын құсы.

Ақ сарайын талқандап, шықты
біреу талтандап.

Хат тасушы атанған күс.

Құстар туралы жұмбақ, мақал-мәтел жаттаймыз, өлең, тақпақ жаттаймыз. Құстар – біздің досымыз.

11-оқушы:

Құстарды біз атпаймыз,

Қыста жемдеп баптаймыз.

Қамқор болып құстарға,

Есте мықтап сақтаймыз,

Ұясын құстың бұзбаймыз.

12-оқушы:

Сан алуан әні бар,

Сайрауының мәні бар.

Құстар — біздің досымыз,

Бақтың құспен сәні бар.

Қорытынды.

Роза САҒЫНДЫҚОВА,

Ж. Қалдығараев атындағы орта

мектептің

бастауыш сынып мұғалімі.

Бейнеу ауданы,

Маңғыстау облысы.

Жолда жүру ережесін сақтаймыз



**Айман Тиышбековна
СМАГУЛОВА,
«№12 ЖББОМ»
КММ бастауыш
сынып мұғалімі.
Қарағанды қаласы.**

Сабақтың мақсаты:

1. Оқушыларды жолда жүру ережесімен таныстыру;

2. Жол қауіпсіздігін есте сақтауға, білуге жол ережесінің белгілерімен таныстыру;

3. Оқушыларды көшеде дұрыс жүріп, жол ережесін сақтауға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Бағдаршам, жол белгілері салынған суреттер, интерактивті тақта, жол ережесіне арналған кітаптар.

Сабақтың барысы: 1. **Ұйымдастыру кезеңі.** Кіріспе: «Жол травматизмінің алдын алу» атты тәрбие сағатын бастағалы отырмыз. Жол

заңы дұрыс жүріп, абай болуды талап етеді. Жол тәртібін бұзба, ол қатер тудырады. Жолдың қалыпты қозғалысы көбінесе балалардың жол бойында қалай болса солай жүріп, доп қуалайтыны, шаңғы тебетіні, жүріп бара жатқан машинаға жабысатыны, қалтарыстан жолға шығып келетін салдарынан бұзылады. Жол тәртібін бұзғандықтан кейбіреулер машина дөңгелегіне ілініп қаза тауып, кейбіреулері жарақат алады. Ал кейбіреулері өмірлік мүгедек болып қалады.

Сондықтан әрбір оқушы мектепте оқылатын «Жолда жүру ережесі» тақырыбындағы сабақты мұқият тыңдап, әр сабақтан қорытынды жасап отыруға міндетті. Үлгілі, тәртіпті оқушы көшеде, жолда жүру ережесін, заңын бұзбайды.

- Сонымен, қандай бала жол ережесін бұзбайды?

Балалар: Үлгілі, тәртіпті бала.

Мұғалім: Ал енді «Жолда жүру ережесін сақтаймыз!» атты тәрбие

сағатымызды ашық деп жариялаймын.

II. Негізгі бөлім: Тақтадағы жұмбақтарды шешу:

Жұмбақтар

1. Ала таяқ ұстаған,
2. Көше бойлап аяндайды,

Жол тәртібін нұсқаған.

Адам тасып аялайды. (**Автобус**)

Өміріңді күзеткен,

Ысқырықпен түзеткен. (**Полиция**)

3. Көліктің қаншасын үстінен өткізген,

Іргеден басталып, алысқа жеткізген. (**Жол**)

4. Жоқ өзінде бас та, ауызда да, құлақ та,

Бақырайған үш көзі бар бірақ та. (**Бағдаршам**)

5. Арқаным бар тым ұзын,

Ала-алмайсың бір үзім. Табыңдаршы, балалар, Бұл жұмбақтың шешуін. (**Жол**)

6. Өзі сөйлей білмейді, Бірақ «Токта, жүр!» дейді. «**Бағдаршам**».

Мұғалім: Бағдаршам өмірімізді жазымнан сақтандыратын көмекшіміз. Оның сырын біліп, тіліп алу баршаңызға керек. 1. Неге? Біздің қаламызда, сол сияқты біздің еліміздің қала, ауылдарына бәріне ортақ көше қатынас ережесі енгізілген. Бұл ережені оқушылар да, үлкендер де, яғни барлық жүргізушілер, көлік жүргізетін жүргізушілер де бұлжытпай орындауы керек. 2. Балалар, сендер көшеде жүру ережесін білесіңдер ме екен, көрейік. Мынадай сұрақтарға жауап беріңдерші.

3. Жиек жол деген не? Адамдар жаяу жүретін көше жиегіндегі тар жол. 4. Жаяу адамға қай жермен жүруге болмайды? Көлік жүретін көшенің ортасымен жүруге рұқсат етілмейді.

Тақтада. Қызыл – Токта! Сары – Сақтан! Жасыл – Жол ашық! Оқушылар бағдаршам сигналдарын қолдарына ұстап, кезегі келгенде көрсетіп тұрады.

«Бағдаршам» әні орындалады.

1. Көшеде біз сақ болайық,
Қаймықпасын ата-ана.

Жолда сен бол лайық,
Жас ұлан деген атқа.

2. Жолда жүру әліппесін,
Білген жөн бес саусақтай.

Сонда ғана жүре аласың.

Сен өзінді сау сақтап.

Сахналық көрініс: «Маймақ аюдың достары».

Инспектор:

Медбике апамыз бәрімізді емдейді,

Ауырса адамды, анды да емдейді.

Отырған мынау Медбике апаға,

Айтындаршы, кане кімдер келмейді?

(Осы кезде басын ақ шүберекпен таңған, сыртынан қан шып-шып шыққан аю өкіріп келе жатады)

Инспектор:

Апа, қараңыз мына сұмдықты,

Маймақты кім қынжылтты?

Мед.бике:

Маймағым, не болған өзіңе,

Көкпенбек ісінген бас-көзің де?

Аю:

Айтайын мен жасырмай шынымды-ай,

Сақтап қал, апа жанымды шыбындай.

Жармасып бал тасыр машина үстіне

Домалап түсіп шыңғырдым құлындай.

Мед.бике:

Бір асар тәтті бал үшін,

Тәртіпті бұздың қарынның қамы үшін.

Міне, енді еңіреп тұрғаның ұят-ақ,

Тәртіп керек, біліп ал, жан үшін!

Аю: Медбике апа, инспектор жолдас, енді тәртіпті бұзбаймын. Кешіріңіздер мені!

Мұғалім: Бағдаршам жоқ көшелерден қалай өтеміз?

Егер өтетін жерде бағдаршам болмаса көшеден өте бере әуелі сол жаққа қараймыз. Көшенің орта тұсына жеткенде, оң жағымызға көз саламыз. Егер ол жақтан машина келе жатса, өтіп кеткенше, сол орында күте тұрамыз. Ендеше, мына жолдармен бағдаршамсыз, бағдаршам барда қалай жүретінімізді көрейік. Оқушы қалай өтетінін көр сетеді.

У-шусыз ұрыспай.

Сактандыру, ескерту белгісі.

Қып-қызыл үшбұрыш,

Қауіптен сақ бол деп сәт-сапар жолдаған.

Аман-сау жүреді жаяу да, көлік те, Мен берген белгіні сақтаған, қолдаған.

Тыйым салу белгісі.

Қызылмен боялған, шеңбермін аумақты,

Тыйымшыл белгімін, қаталмын салмақты.

Мен тұрған жерлерде хақың жоқ жүруге,

Қауіп бар, бағдарла көз салып жанжақты.


Мұғалім: Балалар, біз әр белгінің не мақсатта қолданылатынын білдік.

Қорытындылау.

Мұғалім: Балалар, бүгінгі сабақты қорыта келе «Жас дәуірдің балалары» әнін айтайық. Деніміз сау, еліміз тыныш, жол тәртібін сақтап, аман-есен жүрелік. Қорыта келе:

Ирек-ирек көшелер,

Көше деген мың ирек.



1-оқушы:

Төрт топтан құралған,

Белгілер туыстай.

Жол сілтеп тұрады.

Қиындыққа әйтсе де,

Үйренесің біртіндеп.

Барар жерге асықпа,

Бәйге алмайсың бұрын кеп.

Әрқашан күн сөнбесін!

Жамбыл облысы, Меркі ауданы «Таңшолпан» бөбекжай-бақшасында жазғы сауықтыру бағдарламасына сай осындай тақырыппен асфальтқа сурет салу іс-шарасы болып өтті. «Таңшолпан» бөбекжай-бақшасының ауласы өте үлкен. Екі жағын гүл көмкерген, бордюрлармен түзуленген, ойын алаңқайлары ауқымды, көлемді. Осы ойын алаңқайларын безендіру, әрі балдырғандарды эстетикалық талғаммен сурет салуға, кескендерді бояумен бояп, еңбек етуге үйрету мақсатымен өткізілген бүгінгі іс-шараның берері көп. Әрі ауланы түрлі-түсті бояулармен бояп әдемі түр береді, әрі өздері жасаған, сәндеген жерлерде алдағы уақытта өздері ойнайтын болады. Бақша ауласына кіргеннен-ақ ерекше күтімдегі сан алуан гүлдердің түрі өсіп тұрғанын көресіз. Алдыңғы жағы да, бас корпустың артқы жағы да, өздері күнде жүретін тротуар, алаңқай, ойын алаңдары бәрі түгел дерлік сурет салынып, балақайлардың өз қолдармен тегіс боялып шықты. Мектепалды даярлық топтары: «Бәйтерек», «Алтын

сақа», «Бүлдірген», ересек жас топтары, «Жұлдыз», «Қарақат», «Түймедақ» орта жас топтары: «Құлпынай», «Жауқазын» топтарының барлық бүлдіршіндері, өз тәрбиешілерімен қуана жүріп, үлкен мерекеге қатысқандай, улап-шулап, таңырқай қарасып, колдарына щетка ұстап, қызу еңбекке кірісіп-ақ кетті. Бір топ аспандағы күнді салса, бірі цифрларды, бірі дөнгелектерді, бірі паровоздардың суреттерін бояп мәз-мейрам болуда. Нәтижесінде суретте көріп отырғандай, әдемі боялған суреттер асфальт бетінде жарқырап жатты. «Мынаны біз боядық» деген мақтаныш сезімдері кеуде кернеп, ата-аналарына айтқанша асықты. «Таңшолпан» бөбекжай-бақшасының меңгерушісінің міндетін уақытша атқарушы Райымқұлова Жазира Шәпенқызы тәрбиешілерге үлкен алғысын білдіріп, алдағы жұмыстарына табыс тіледі.

Ә. БОРАНҚҰЛОВА,
журналист.
Меркі ауданы,
Жамбыл облысы.

Шалдың жеті ұлы



**Гульнар Жексенқызы
СУЛЕЙМЕНОВА,
«Zerdesh» зияткерлік
мектебінің бастауыш
сынып мұғалімі.
Бостандық ауданы,
Алматы қаласы.**

Баяғы өткен заманда қазақтың кең даласында еркіндікте өмір сүрген бір данышпан ата болыпты. Ол көмек сұраған кез келген жанға қол ұшын беріп, септігін тигізеді екен. Содан жұрт оны «Септігі тиетін ата» деп атап кетіпті. Сол Септік шалдың жеті ұлы болыпты. Ол өзінің жеті ұлын сегіз қырлы, бір сырлы етіп тәрбиелепті. Ұлдарының есімдері де аттарына сай ерекше болыпты. Тұңғышы Атау (бәрін басқарады екен), Ілік (ағасының оң қолы меншіктейді, тәуелдейді), Барыс (барып кел, шауып келдің адамы өте жылдам, жүйрік екен), Табыс (табыс тапқыш өнерлі), Жатыс (ағаларының тапқанын үнемдеп ұқсатып, сақтап отырады екен), Шығыс (сыртқа шығып аң аулағыш екен), Көмектес (кенжесі көмекшім болсын деп әрдайым жанында ұстаған екен). Бұл кенже ұлын аптаның әр күнінде ағаларына барып, әр түрлі өнер үйренеді екен.

Бауырмашыл, ұйымшыл ұлдар кез келген істі қолға алса тындырады екен. Олар да әкелері сияқты еліне елеулі, халқына қалаулы, еңбекқор азаматтар болыпты. Қартайғанда Септік шал Атау баласына кім? не? деген сұрақ қояды екен, екінші ұлына кімнің? ненің?, ал үшінші ұлына кімге? неге?, төртінші ұлына кімді? ненің?, бесінші ұлына кімде? неде? десе, алтыншы ұлына кімнен? неден? және кенжесіне кіммен? жемен? деген сұрақтар қойыпты. Әкелерін ымнан-ақ түсінетін ұлдары сұрақтарына жауап беріпті. Атау ұлы барлық бауырларының тапқан малының, байлығының атауларын атап шығыпты. Ілік болса сол байлықты меншіктеріне теңдей үлестіріп отырғанын айтты. Барыс болса кімге, неге қай жерлерге барғанын айтып беріпті. Табыс болса кімдерді көріп нені алып келгеніне есеп беріпті. Жатыс бауырларының аманатына қиянат жасамай барлығын ұқсатып, сақтап отырғанын айтады. Шығыс ұлы аңнан аулаған аң терілерінен жасаған бұйымдарын көрсетіпті. Ал кенже ұлы Көмектес ағаларымен әрдайым бірге әкесінің жанынан табылатынын айтып, үйренген өнерін ортаға салып әкесін қатты риза қылыпты.

Мұғалім – ол кім?

*Кіршіксіз сезім, нәзік жан,
Баладай мінез, ғазиз жан.
Ақылы теңіз, сөздері жанды келетін,
Шырылдайтын бала үшін шыншыл жан.*

*Мұғалім ол кім?
Ол анаң ғой екінші.
Осы сөзім рас екенін сезінші.
20-30 оқушыны үйіріп,
Бір балаға елестетіп көрсінші?!
Мұғалім ол кім?
Өміріңнің мәнін ашар тірегің.
Балалардың бойындағы өнерін.
Ашып-жауып, дүрсілдейтін жүрегің.
Білмейсің-ау, мұғалімнің білгенін.*

*Ол актер де, жылай-күле білетін,
Ол тігінші матаны жіпсіз тігетін.
Әнші, биші, психолог та дәрігер,
Жан дүниеңді бір көргеннен білетін.
Ол ақын да, жеті өнерлі досың да,
Қуаныш пен қайғыда да қасыңда.
Жомарт жанды тауып берші өмірден,
Мұғалімге бас иеді киелі мынау халқың да!*

*Мұғалім болғаныма мақтанамын!
Балаша алып-ұшып шаттанамын!
Бар байлығым – бүлдіршіндей балаларым.
Осылай жан сырымды ақтарамын.*



**Гульнар Жексенқызы
СУЛЕЙМЕНОВА,
«Zerdesh» зияткерлік мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі.
Бостандық ауданы,
Алматы қаласы.**